

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Заң институты

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

«ПО қызметкерлерінің кәсіби этикасы» курсы бойынша дәріс

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ  
МОРАЛЬДЫҚ ТАҢДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.**

Қарағанды  
2016

Дәрісті жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры М.Е. Уалиев дайындады.

Дәріс жалпы білім беретін пәндер кафедрасының ПӘС отырысында қарастырылды. 2016 жылғы 3 мамырдағы №9 хаттама.

Дәріс кафедра отырысында талқыланды және бекітілді. 2016 жылғы 24 мамырдағы №19 хаттама.

Пікір берушілер: Н.Е. Елікбаев – ф.ғ.д., «Болашақ» Қарағанды Академиясы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының профессоры;

Оспанова Г.С. – з.ғ.к., «Болашақ» Қарағанды Академиясы заң пәндері кафедрасының профессоры.

Б.Б. Кошегулов – з.ғ.к., Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті.

## **Дәріс жоспары:**

### Кіріспе

1. Ішкі істер органдары қызметіндегі моральдық таңдау және тәуекел ету мәселелері.
2. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтармен шиеленісі және оларды болдырмау жолдары.

### Қорытынды

#### **Кіріспе.**

Адам мінез-құлқын мақсатты түрде жүзеге асырады, яғни алдыға мақсат қояды және оған қозғалыстың стратегиясын таңдап, бір жағдайда бола тұра оған тарихи және әлеуметтік үрдісті, қоғамдағы материалдық және рухани іс-әрекетті енгізеді. Өзінің мақсатына жетудің қажеттілігі мен мүмкіндігі және кәсіби іс-әрекеттің нәтижесіндегі қажеттілік — адамның мінез-құлқын мақсатты түрде жүзеге асыруда пайда болған іргелі әлеуметтік алғышарт.

Ішкі істер қызметкерлері үшін өзінің мінез-құлқындағы уәждеменің өте маңызды екендігін ұғынуы керек, себебі оның тәжірибелік қызметінде маңызды әлеуметтік мақсатқа жету — азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Бастапқы оңайлатылған таңдау сызбасы барлығымызға белгілі. Ежелгі қазақ халық ертегісінің сюжеті бәрімізге де белгілі, ондағы батыр құздың алдына тоқтайды және алдынан оның жасаған әрекетінің кейінгі салдарын анықтайтын, әрбір таңдаған жолы: «Оңға барсаң... солға барсаң...» деген үш нұсқаулыққа бағытталған жолды көрсетеді.

Шынайы тәжірибеде тұлға өзінің ізгілік ұстанымын анықтауды талап етуін және амал жасауын анықтайтын мыңдаған жағдаяттармен кездеседі. Тұлға парыз бен ұжданды басшылыққа ала отырып, мейірімділік пен зұлымдық, ізгілік пен әдепсіздік туралы көзқарасын білдіре отырып, шешімді қабылдайды. Таңдау адамның барлық өмірінде қабаттасып жүреді.

Таңдау — толық түсініктер кешенін негізге алып, адамның іс-әрекетінің басты актісін сипаттайтын сөз. Таңдау — нысаналық мінез-құлықтың алғашқы бөлшегі мен әмбебап құрылымы. Таңдау — адамның іс-әрекеті саласындағы қарапайым нұсқаулықтарды, оның өміршеңдік күшіне ұсыныс беру аясын, кез келген әрекетінің мағынасын анықтауды, мейірімділік пен зұлымдық әлеміне бағытталған оның құндылықтарын, міндетті толықтыруларды талап ететін сөз.

### **1. Ішкі істер органдары қызметіндегі моральдық таңдау және тәуекел ету мәселелері.**

Таңдаудың қажеттілігі әрбір адамның ізгілік өміріндегі ажыратылмайтын қасиет. Таңдауға барлық амалдар енгізілген, ол кез келген адамның іс-әрекетіндегі негізгі топты құрайды. Ар-ождандық таңдау жағдаяты адамнан оның идеалдары мен ой сезім парызын иландыру және ізгілік пен зұлымдық туралы түсінігін жүзеге асыруда жауапкершілік пен өз бетінше әрекет етіп, шешім шығаруын талап етеді. Ар-ождандық таңдау — адамның іс-әрекетінің нысаналық және мақсатқа сай актісі. Ар-ождандық таңдау сипаттамасының екі жағы бар: бағдардың құндылығы, іс-әрекеттің мәні мен таңдалып алынған құралдың орындылығы. Сондықтан да тұлғаға мақсат үшін де, оны ар-ождандық таңдауда жүзеге асыруда да жауапкершілік жүктеледі. Басқаша айтқанда, ол адами іс-әрекетінің мәніне сәйкес келетін таңдау жасауға, ал құрал да осы негізде көрінетін мақсат пен нәтижелерге жауапты.

Жекеленген тіршілік тынысы деңгейінде стратегиялық таңдау тетігінің негізгі қағидасы — баламалық.

ПО қызметкері шешім қабылдау кезінде бір ғана жолды ғана емес, бірнеше жолды жүзеге асыру үшін психологиялық тұрғыдан дайын болуы тиіс. Баламалар психологиялық тұрғыдан (құнды, уәждемі және т. б.) шынайы болуы тиіс. Кез келген, оның ішінде кездейсоқ шешім үшін мазасыздыққа, амалға, бақылауға, дәлелге, белгіге сай желі тартылуы тиіс. Бұл мүмкін бе? Логиканың «шешім қабылдау» тұжырымы бойынша адам таңдау жасау кезінде өзінің өмірінде бас тартқан барлық мүмкін желілерді ойыннан шығарады. Ол бір ғана бұтақпен «мақсат ағашымен» өмір сүреді, ал ол үшін қалғандардың барлығы тіршілік етпейді. ПО маманының мәні бар бірде-бір желісі болмай-ақ, таңдау жағдаятына құндылық жүйе, құрылғы, уәждеме кіреді. Ал қалғандардың барлығын артқа тастайды. Маман бір уақытта өмірдің бірнеше қойылымдары мен стратегияларын ойнап шығады.

Тұлғаның ар-ождандық таңдауы — адами іс-әрекеттің тараптары. Адами іс-әрекеттің кез келген түрінің елеулі белгісі таңдау актісі болып табылады: бірнеше мүмкіндіктері бар жағдаяттардан тұрады және нұсқалардың бірін таңдауға рұқсат беріледі.

Таңдау мүмкіндігі адамның салауатты өміріне негізделген, оның әлеуметтік қарым-қатынас жүйесіндегі орны мәдениетте, ар-ождандық құндылықтар жүйесінде анықталып, бекітілген.

Ар-ождандық таңдау мәнін түсінуде оның бостандық мәселесі негізгі орынды иеленеді. Ар-ождандық таңдау бостандығы — бұл тарихи қажеттілікте танылған тиісті дәрежедегі амал туралы ізгілік қажеттілікті қабылдаудағы шешім шығару қабілеттігі.

Ізгілік қажеттілік — қоғамда бар құндылық нормаларының жүйелерін адами амалдармен детерминациялауды білдіруі.

Адам өмірінде адамға өктемдік жүргізетін ізгілік әлемінде жинақталған өткен өмірдегі «бұрылыстардан» барлық тәжірибесімен таңдау жасап, шешім шығаратын небір жағдаяттар кездеседі.

«Бұдан әрі жасай алмаймын» дейтін шешім барлық мүмкін болған нұсқаларда одан ары қарай жіберілмейді.

Адам таңдау жасамастан бұрын, өзінің ішкі қажеттілігін, талпынысын, тілегін ғана ескеріп қоймауы қажет, ол бірінші кезекте объективті қоғамдық қажеттіліктерді ескеріп, өзінің еркін таңдауы негізінде жасалған амалдарының қоғамдық салдарын көре білуі тиіс.

Ішкі, сондай-ақ сыртқы жағдайлардың, яғни субъективті және объективті кездердің тең дәрежеде қатысып жүзеге асқан таңдауы еркін шынайы таңдау болып саналады.

Адамгершілік бостандығы жағдаятты тиісті дәрежеде білу және қоғамның тараптары үшін оң бағаны өзгертуге қабілеттілік мінез-құлқымен сипатталады. Егер адам мынаны не ана амалды таңдауда өзін мәжбүрлейтін болса, онда бұл бостандық емес.

Нағыз шындық — бұл қоғамдық мәні бар және әлеуметтің пайдалы әрекеттің қарапайым саналы-ерікті амалы.

Шындығында тұлға өзінің еркін таңдауына жауап береді, яғни жағдайға сәйкес ол — объективті (немесе адамгершілікке сәйкес ол — субъективті) болғандықтан, оны таңдап, амал жасауда жүзеге асыру керек.

Ар-ожданлық таңдауда тұлғаның алдында қашанда оның мақсаты мен құралы туралы сұрақ тұрады. Мамандар үшін «Құралдың мақсаты өзін-өзі ақтай ма?» деген белгілі сұрақ тұрады. Жетістікке жету үшін міндеттерінде, уақыттың және басқа да жағдайлардың лимиттерінде құралды таңдаудың қиындықтары бар. Ішкі істер органы мамандарына құралдың құндылығын анықтау мақсатын қашанда есте сақтауы керек. Ақтау емес, анықтау керек. Әдеп қағидасы негізделген мынандай уәждемені ұсынады: «Жетістікке жету үшін барлық құралдар жақсы». Таңдалатын құралдар жай ғана «жалпы» болып табылмайды, мақсатқа деген қарым-қатынас толық анықталған. Адам-

гершілік оң мақсатқа жету үшін ізгі және орынды құралдар қажет. Орындылық адамгершілік сапа болып табылады.

## **2. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтармен шиеленісі және оларды болдырмау жолдары.**

Мақсат пен құралдың сәйкестігі ІІО мамандарының қызметі үшін негізгі көкейкесті мәселе болып табылады. ІІО әлеуметтік міндеттерін кеңейту мен күрделендіру, олардың қызметін ізгілендіру үрдісін күшейтудегі жаңа жағдайлар маманнан тек қана арнайы білімді ғана талап етпейді, ішкі істер органы қызметкерінің тұлғалық ізгілік деңгейін келешекте адамгершілік сапалармен кеңейтуді талап етеді.

Ішкі істер органдары қызметінің адамдардың арасында, әрқашанда олардың көз алдында өтетіндігін естен шығармағанымыз жөн. Маман парасатты адам болуға міндетті. Бірақ әлі де болса, ішкі істер органының маманының өзі дәрежі көрсетіп, өзінің әрекетін орынды деп ақтайтын жағдайлары да кездеседі.

Ішкі істер органдары мен құрылымдық бөлімшелерінде төтенше оқиғалар дер кезінде негізге алынбай отыр, қызметтік парызын орындауда немқұрайдылық пен жауапкершіліксіздік таныту, мамандардың қызметте жігерсіз мінез-құлық көрсетуі әлі де жалғасып отыр. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органының жеке құрамының арасында заң бұзушылық пен қылмыстардың саны өсіп отыр.

Мақсат пен құралдың қайшылығына рұқсат беру әрбір маманның шешім қабылдаудағы жеке жауапкершілігінде жоғары күшті қажет етеді. Бұл үшін біріншіден, маманның адамгершілік мәдениетін, олардың мақсаты мен құралдарына сәйкес мәселелерді әдеп тұрғысынан ағартуды көтеруі тиіс.

Маман үшін ар-ождандық бостандықты таңдау, таңдау мазмұнының басты компоненттеріне мыналар жатады:

1. Жоғары ізгілік мақсатты анықтау, оның тұлғасын өз өміріндегі жоғары, абсолюттік, соңғы мақсаттар ретінде түсіну және қабылдау;
2. Ішкі әділдік, шыншылдық, өзінің арына адалдық;
3. Тұлға қызметінің тәжірибелік ізгілігі;
4. Адамгершілік мақсаттар мен құралдардың бірлігі және олардың жетістігі.

Ар-ождандық таңдау ішкі істер органдары мамандарының мақсат пен құралдарда қолданатын адамгершілік негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Таңдау үрдісін регламенттейтін негізгі этикалық талаптарға мыналар жатады:

- а) кез келген заң бұзушылықты бітістіру;
- ә) қылмыспен күрестің идеясын бетке басуға бейіл болмаушылық;
- б) кәсіби парызды адамгершілік аманат (жоғары ізгілік талаптары) ретінде жүзеге асыру;
- в) шешім қабылдауда формализм, немқұрайдылық, селқостық және асығыстықты жібермеу керек, адамның тағдырына немқұрайлы қарамау.

Ішкі істер органдары мамандары жұмыс істейтін салада дәрекілік, өзін-өзі ұстай алмаушылық, әдепсіздікті ешқандай «сыпайыгершілікке» сілтеу жасаумен ақтауға болмайды.

Таным тарихында тәуекелге әртүрлі анықтама береді. Ежелгі Римдегі теңіз жүзушілер бұл термин бойынша кемеңі бұзуға қауіп төндіретін «күзды» атаған. «Күздың арасында амалдау» (біздің түсінігімізше, тәуекелге бару) термині Италияға, Францияға, ал XIX ғасырда Ресейге келді.



В. Дальдің түсіндірме сөздігінде «тәуекел», «бел буу» терминдері «сәт-тілікке қадам басу», «шынайы есепсіз бір нәрсені істеу», «белгілі қауіпке жақындау» деген әрекеттерді білдіреді.

Тәуекел мәселесі бойынша барлық ғалым-этикеттер және психологтар айналысты. Бұл мәселе туралы айтылған әртүрлі ғылыми көзқарастарды талмай-ақ, олардың әрқилы екендігін атап өткіміз келеді. Мысалы, Н. И. Бакштановский тәуекел — бұл тек төтенше жағдайларда ғана көрініс табатын тұлғаның белсенділік формасы емес. Бұл болмаса, кәдімгі өндірістік істердегі мәселелерді шешуге қол жеткізу мүмкін болмайды. Сондықтан да тәуекелге қарым-қатынас бойынша адамгершілік ұстанымды дамыту аса қажет болып табылады. Біз тәуекелге қандай жағдайда болмасын тұлғаның барлық ішкі ресурстары мен мүмкіндіктері аясында өзіндік жоспар құру деп анықтама береміз. Тәуекел жағдаятының әрқашанда алдыға қойған мақсатты көп еңбектеніп, іске асыру сияқты оң мүмкіндіктерден тұратындығын атап өткен жөн. Бұл — өзіндік аманаттық таңдау. Әрине ар-ожданлық таңдау мен тәуекел мәселесін бөлуге болмайды.

Жеке тұлғаның ішкі ресурстары — бұл қажетті жағдайда ғана анықталуы, бағалануы және көкейкестілендірілген ықтимал әрекеттер. Осы тәуекел жағдаятында ПО маманы «ескі» белгілі мүмкіндіктердің жетпейтіндігін сезінсе, этикалық кәмілеттігі анық көрінетін «өзінің еркінен тыс шығып кететін» жағдайды қолдануына тура келеді.

Тәуекелдің келесі қағидасы уақытпен байланысты. Таңдау мен тәуекелдің ішкі және сыртқы жағдайларының айырмашылығын уақыттан тыс түсіну мен түсіндіру мүмкін емес. Бұл әсіресе, ПО жұмыскерлері үшін маңызды, себебі оған уақыт жағдайы бойынша жоғары жылдамдықпен жұмыс істеуге тура келеді.

Тәуекелге баратын ПО маманы әлеуметтік тұрғыдан белсенді, қайратты, дәстүрлі емес тұрғыда ойлайтын, жауапкершіліктен қорықпайтын адам.

Тәуекел негізінен алдыға қойған мақсатқа жету үшін барлық мүмкіндікті пайдалану немесе оның жетістікке жеткендігі үшінші тұлғаларға немесе қандайда бір материалдық құндылықтарды алу, не тәуекелге барушының өзіне зиян келтіруіне (жоғалтуына) әкеп соқтырады. Тәуекелеге бару — қалыптасқан жағдайды есепке ала отырып, барлық «қарсы» және «қарсы емес-тердің» мүмкіндігін есепке ала отырып, алдыға қойған мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттерді қабылдау.

Бұдан келіп, тәуекел жүзеге аспаған іс не қауіптілік, не сәттілікке үміт қызметі ретінде түсіндіріледі. Тәуекел басқару қызметінде біріншіден, алдыға қойған мақсаттан ауытқушылықты және басқа да белгісіз шешімді осы таңдау жағдайында жүзеге асыруды білдіреді.

Тәуекел негізді және негізсіз болуы мүмкін. Егер оңтайланған қызметтің белгісіз жағдайы негізді тәуекелге құрылса, ал төрешілдік шешімнен бас тартуға немесе волюнтаристік және субъективтік тәуекелге құрылған.

Тәуекелдің негізділігінің басты аспектісі оның мақсатқа сай жасалған заңдық кепілдігімен баланысты.

Тәуекелге деген қарым-қатынас әлі күнге дейін бір ізге түскен жоқ. Егер сен тәуекелге барсаң, ісің оңға басып жатса, мүмкін сені мақтар. Егер тәуекелің сәтсіздікпен аяқталса, немесе ешқандай нәтиже бермесе, сені жазалар. Ал жазаланған адамның екінші рет тәуекелге бара ма? Көптеген тәжірибеде ішкі істер органының мамандары «тәуекел генін» жоғалтып алғандықтан, бұл қиындық тудырып отырған мәселе.

Тәуекел құқықтық және негізді болады, егер ол:

**біріншіден,** нормативтік актілерге қайшы келмеуі тиіс, себебі ол орын алған жедел жағдаятта объективті түрде көрініс табады;

**екіншіден,** егер бұл шешімді жүзеге асыруда оның тек қана сандық себептері ғана емес, сапалық салалары да есепке алынады;

**үшіншіден,** егер таңдалып алынған оң нәтижелер мен ықтималды және сүбелі шешімді жүзеге асырса, сонда ғана оның теріс салдарын болжайды.

Тұжырымдалған қағидадан мынадай қорытынды келіп шығады, егер негізді тәуекел келеңсіз зардаптарға әкелсе, онда мұндай тәуекелмен барған жұмыскердің бастамасын құқықтық және әкімшілік жауапкершілігін шығаруы тиіс.

1. ПО маманының кәсіби қызметте тәуекелдегі рөлінің үлестігін анықтау екі факторды есепке алуда қарастырылады:

біріншіден, «оралымды тәуекел», «кәсіби тәуекел» түсініктерінің өзі әлі анықталмаған, себебі ПО қызметі тәуекелден тұрады.

екіншіден, «оралымды тәуекел» термині жедел-ізвестіру қызметін реттейтін нормативтік актілерде заңдық тұрғыда бектілмеген.

Тәуекелге баруға шешім қабылдауда адамдардың түрлі қарым-қатынасының типологиясы туралы жазылған әдебиеттерді мақсатқа сай игеру.

2. Ақталған тәуекелге бағдар алып, әлеуметтік мәні бар мақсаттарға бағытталған және тапсырылған істі орындаудағы жоғары жауапкершілікті сезінумен байланысты тәртіп. Мұндай қасиет еріктілік сапасы қойылған талаптарға, қызметтік парызға сай келетін ішкі істер органының маманына тән.

Белгісіз тәуекелге бағытталған тәртіп, әдетте «қауіпті сезіну» жағдаятына талпынуда анықталады. Мұндай мінез-құлыққа тән полиция мамандары өзінің қабілеттерін бағалап, жағдаяттың ерекшелігін бағаламайды. Олардың бойында қолданылған әрекеттің сәтті аяқталатынын байқайтын субъективті

сенімділік бар. Мұндай мамандар қылмысты ашуда «теңгерілген» заңның шегіне жетіп, күдіктіге психикалық және физикалық құралды пайдалану арқылы әрекет етеді, «мақсат құралды анықтау» деп, оның жеке ар намысын таптайды.

3. Ақталмаған сақтықпен байланысы бар әрекетке бағытталған тәртіп. Мұндай адамдар қауіп төнген қиын жағдайларда қатты сасып, өзінің шешім шығара алмағандығынан құрбандыққа айналып жатады, оларда тәуекел өте төмен немесе мүлдем жоқ. Егер екінші тәуекелдегі мінез-құлықтың түрін шартты түрде авантюристік деп анықтасақ, онда аталған түр (3-ші) — сақтандырылған. Көптеген жағдайда екінші және үшінші мінез-құлық түрлері ішкі істер органының қызметіне негізсіз құрбандықтарды әкеледі.

Мұндай мінез-құлық ең қолайлы болып табылмайды. Ол ІІО қызметіне қысылтаяң жағдайларда, атап айтқанда, жалпы тәртіпсіздік жағдайында адамдарды қорғауда, қаруланған қылмыскерлерді залалсыздандыруда, қаруды қолдану кезінде өзін-өзі қорғауда жиі шығын әкеледі. Жетекші-сақтандырушының кейбір әрекеті мысалы, басқару шешімін стандарттауға талпынуы, жедел-қызметтік міндеттерді шешуде бағыныштылардың жеке қабілеттерін сараламауы төзбейтін әрекеттер.

Көптеген шұғыл шараларды ІІО жұмыскерінің тұрақты тәуекел жағдайына қоятындығын ескерте кеткеніміз жөн. Егер тәуекелдің кейбір формаларын талдасақ, онда мыналарды атап өтуге болады.

Жедел шараларды жүргізуде заңды бұзу, азаматтың құқығы мен заңды мүддесін бұзуға тәуекел ету (мысалы, жедел-іздістіру шараларын жүргізу кезінде қылмысты көрген адамды, оны жасаған күдікті тұлғаларды анықтау мақсатында шатастырып, іске қатысы жоқ азаматты ұстауы мүмкін. Кәсіби қызметте көптеген жағдайда қаруда қолдану үшін тәуекелге барады (адамның көп жиналуы, жүкті әйелдер және т. б.). Ақпаратты дұрыс бағаламау, не-

гізсіз шешімдерді қабылдау, «жалған болжамдардың» санының көп болуы, қылмыскер туралы жалған хабар бойынша тәуекелмен бару. Бұндай жағдайда ПО жұмысы беделін жоғалтып алады.

4. Заңдық актілерде әлі де көрініс таппаған қылмыстың түрлерімен күрес жүргізу әдісін қолдануда тәуекелге бару (рәкет, ұйымдасқан қылмыс). Ұсынылып отырған тәуекел ахуалының типологиясы мен басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде таңдауды белсендендіру. Басшының шешімі қашанда орындалып, оның тәуекелі жоғарлағандықтан мәні сол болып табылады. Басшының қойған талаптарын орындау бойынша адамдардың нақты әрекетіне қарап, орындау. Таңдау мен тәуекелдің табиғатын түсіну кез келген басшыға қандай жағдайда болмасын заңды шешім шығаруды іздестіруді жеңілдетеді.

## Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. (өзгерістер мен толықтырулар 2011 ж.).
2. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
3. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1996
4. 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы.
5. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Заңы. (өзгерістер мен толықтырулар).
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің этикалық кодексі» туралы №153 Жарлығы.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспары. 2015 жылғы 20 мамыр.
8. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты жыл сайынғы Жолдауы. Астана, 30.11.2015 ж.
9. Ғабитов Т.Х. Заңгер этикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2004
10. М.Е. Уалиев. Заңгердің кәсіптік этикасы. Оқу құралы. – Қарағанды, 2012 жыл.